

**Жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
құрылтай құжаттары**

Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым **заңды тұлға** бола алады


Заңды тұлға



Коммерциялық ұйым
(мемлекеттік кәсіпорын,
шаруашылық серіктестік,
акционерлік қоғам,
өндірістік кооператив)

Коммерциялық емес ұйым
(қоғамдық бірлестік,
тұтыну кооперативі, қор,
діни бірлестік)

Жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдарына (үлесіне) бөлінген, өз қызметінің негізгі мақсаты пайда түсіру деп есептелетін және заңды тұлға болып табылатын коммерциялық ұйым шаруашылық серіктестігі болып танылады.



Бір немесе бірнеше адам
құрған, жарғылық капиталы
құрылтай құжаттарымен
белгіленген мөлшерде үлеске
бөлінген серіктестік
жауапкершілігі шектеулі
серіктестік (ЖШС) деп
танылады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
коммерциялық ұйым болып табылады.
Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің
орналасқан жері деп оның тұрақты жұмыс
істейтін органының орналасқан жері
танылады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік өзі
орналасқан жерден тыс жерлерде
филиалдар құрып, өкілдіктер ашуға
құқылы.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті
құру оның құрылтайшыларының құрылтай
шартын жасасуынан басталып,
серіктестікті заңды тұлға ретінде
мемлекеттік тіркеуден өткізумен
аяқталады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылтай шартында мыналар болуға тиіс:

- 1) серіктестікті құру туралы шешім, оның фирмалық атауы және орналасқан жері;
- 2) серіктестік құрылтайшыларының атауы, орналасқан жері, банктік реквизиттері (егер құрылтайшы заңды тұлға болса) немесе аты-жөні, тұратын жері мен жеке басын куәландыратын құжат деректері (егер құрылтайшы жеке тұлға болса) көрсетілген серіктестік құрылтайшыларының тізбесі;
- 3) серіктестікті құру тәртібі; оның құрылуына байланысты құрылтайшылардың міндеттері, сондай-ақ құрылтайшылардың серіктестіктерді құру жөніндегі қызметті жүзеге асыруының өзге де шарттары; аталған адамдардың, сондай-ақ серіктестікті құру мен тіркеу барысында құрылатын серіктестіктің мүдделерін білдіруге уәкілдік берілетін басқа да адамдардың өкілеттігін анықтау;
- 4) серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері;
- 5) серіктестіктің жарғылық капиталына әрбір құрылтайшының ақша салымының құрамы, мөлшері мен мерзімі туралы немесе заттай нысанда не мүліктік құқықтар түрінде салынған салымның ақшалай бағалануы туралы мәліметтер; серіктестіктің жарғылық капиталына қосымша салымдар салу туралы шешім қабылдаудың тәртібі, сондай-ақ серіктестіктің жарғылық капиталына салымдарды уақтылы салмаудың салдарлары;
- 6) құрылтайшының серіктестік мүлкіндегі үлесін анықтау; серіктестікке қатысушылар үлестерінің ауысу тәртібі;
- 7) серіктестік жарғысын бекіту;
- 8) серіктестіктің таза табысын бөлу тәртібі.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысында:

- 1) серіктестіктің фирмалық атауы, орналасқан жері мен мекен-жайы;
- 2) серіктестікке қатысушылардың (серіктестікке қатысушыларының тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын серіктестіктерді қоспағанда) олардың атауы, орналасқан жері, мекен-жайы, банк реквизиттері (егер құрылтайшы заңды тұлға болса) немесе аты-жөні, тұратын жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (егер құрылтайшы жеке тұлға болса) көрсетілген тізбесі;
- 3) серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері туралы мәліметтер;
- 4) серіктестік органдарын құру тәртібі мен олардың құзыреті;
- 5) серіктестікті қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату ережелері;
- 6) серіктестікке қатысушылар тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын жағдайда серіктестіктің таза кірісін бөлудің тәртібі;
- 7) серіктестікке қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі және мерзімі;
- 8) серіктестікке қатысушылардың құқықтары мен міндеттері бол